

«УРАЛ ОЙЛ ЭНД ГАЗ» ЖШС АЛКОГОЛЬ, ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАР, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНАЛОГТАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС (бұдан әрі – УОГ) Қазақстан Республикасының мұнай-газ компаниясы, жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және өндірістік жарақаттануды болдырмау үшін қызметкерлер мен қоғам алдындағы жауапкершілікті толықтай сезінеді.

УОГ салауатты өмір салтын ұстануды қолдайды және алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарынан (бұдан әрі – АЕПЖА) масаң күйде әрі өздерінің және айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қызметкерлердің ақылға қонымсыз әрекеттерінің нәтижесінде туындаған, күтпеген жағдайлардың даму мүмкіндігіне байланысты өзінің алаңдаушылығын білдіреді.

АЕПЖА байланысты қауіптерді болдырмау және тәуекелдерді азайту үшін УОГ мыналарға тыйым салады:

– АЕПЖА масаң күйде немесе олардың салдарының әсеріндегі қызметкерлерді және өзге тұлғаларды УОГ нысандарына жіберуге;

– Қызметкерлердің және УОГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғалардың АЕПЖА, сондай-ақ айналымы шектеулі заттарды, олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде, оның ішінде УОГ нысандарынан тыс жерде (медициналық мекеменің тиісті ұйғарымы бар болған жағдайда, еңбек (қызметтік) міндеттерін толыққанды орындауға кедергі келтірмейтін дәрілік заттардан басқа) иеленуге, пайдалануға, дайындауға, сақтауға және таратуға;

– Қызметкердің міндетті ауысым алдындағы медициналық куәландырудан, рейс алдыдағы және рейстен кейінгі медициналық қараудан (белгіленген жағдайларда) не болмаса қызметкердің АЕПЖА тұтыну фактісін анықтаумен байланысты өзге белгіленген рәсімдерден өтүсіз жұмысқа жіберу.

Сонымен бірге, УОГ:

УОГ нысандарына жіберу кезінде қызметкерлердің келісімімен олардың жеке заттарын сырттай визуалды қарауға;

Қызметкерді және УОГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғаны мынадай жағдайларда АЕПЖА масаң күйде болу фактісін анықтау бойынша кезектен тыс рәсімнен өтуге дереу жіберуге құқылы:

– Апат немесе жазатайым оқиға нәтижесінде;

– Қызметкердің АЕПЖА, не өзге масаң күйде болуына негізді күмәндану кезінде (ақылға қонымсыз мінез-құлқымен, қызметкерден ішімдік иісінің болуымен, уақытша физиологиялық өзгерістермен қоса, бірақ шектелмей);

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен және УОГ ішкі құжаттарымен көзделген өзге жағдайларда;

– Белгіленген тәртіпте қызметкерді немесе УОГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғаны осы Саясаттың ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жазаға тартуға, тіптен еңбек шартын бұзуға құқылы.

Саясаттың қолданысы УОГ-дың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес УОГ объектілерінде қызмет көрсететін қызметкерлеріне таралады.

**Бас директор –
Басқарма Төрағасы**

И. Алиагаев

